

Өмірді жақсартатын өнертабыс

Жер бетіндегі барлық жаратылыс күн мен түннің ауысуы сынды белгілі бір циклмен тіршілік етеді. Ештеңе біржола жоғалып кетпейді. Тек түрін, түсін, келбетін, қасиеттерін өзгертуі мүмкін. Бұл судың буға айналуы, қайта суға айналып жер бетіне оралуы сияқты табиғат құбылыстарынан бастап, адамдардың күнделікті тіршілігінде де кездеседі. Ал осы заңдылықты адам өмірін жақсартатын өнертабысқа қолданса ше? Бұл идея маған кездейсоқ келді.

Күндердің бір күнінде аулаға кіре бере қоқыс жәшігінен шығып тұрған иіс жүрегімді айнытып, жиіркеніш сезімін тудырып жіберді. Сол сәттен бастап, бұл қоршаған ортамызды бұзатын үлкен мәселелердің бірі екендігі туралы ойланатын болдым. Сол күні түн ұйқымды төрт бөліп, таң атқанша ойланып, бір шешімге келдім. Ол шешім бір құрылғы ойлап табу болатын еді. Кешке қарай осы құрылғыға «Биогаз қондырғысы» деген атау да беріп қойдым. Ертеңгісіне мектепке бара салысымен, физика пәні мұғаліміне осы биогаз қондырғысын жасау туралы ойларымды айттым. Ол өз кезегінде маған бірнеше кітап беріп, оқып ойланып көруге кеңес берді. Аптаның соңына қарай биогаз қондырғысын тамақ қалдықтарын қолдану және ыдырату арқылы алуға болатынын анықтадым да, өте қатты қуандым. Бірақ мені әлі де болса бір сұрақ мазалады. Мен оны қалайша адамдарға ыңғайлы етіп жасай аламын? Біраз ойланып толғанудан кейін биогаз қондырғысының жұмыс тәртібі көз алдыма тізбектеліп келе қалды. Ең алдымен оны үйдің ішінде, әсіресе, ас бөлмеде орнату керек. Ал ең қолайлы жер ол ас бөлмесіндегі ыдыс жуатын жер. Ыдыс жуу кезінде ас қалдықтары шайылып, құбырмен өте бере арнайы ыдыратқыш камераға түседі. Камерада тамақ қалдықтары бөлшектеніп ең басты химиялық және биологиялық процесс жүретін реакторға түседі. Осы реакторда биологиялық және химиялық ыдыраудың үш кезеңі жүреді. Бірінші кезең гидролиз деп аталады, осы сәтте үлкен полимерлер кішкентай мономерлерге дейін бөлшектенеді. Ал келесі кезекте ацидофильды кезең басталады, бұл уақытта ацидофильды бактериялар көмірқышқыл газы(CO₂) мен күкірт газы(SO₂) бөлінеді. Үшінші кезең - метандық ашыту деп аталады, осы процестің ерекшелігі ол метан қалыптастырушы бактериялар метан газын бөледі. Газ алынды, мақсатыма жеттім бе деп қуансам, қуануға әлі ерте екен. Себебі алынған газдың құрамында басқа газдардың болуына байланысты тұрмыста қолдануға өте қауіпті. Сондықтан біз алынған биогазымызды екі сатылы арнайы тазартқыш фильтрлерден өткіземіз. Таза күйіндегі газ тамақ даярлау үшін қолданылатын арнайы болонға жинақталады. Осы жерге келген кезде арқамнан бір ауыр жүк түскендей болды. Бірақ ерте қуаныппын. Себебі осы процесті тәжірибе жүзінде тексергенде түрлі жағымсыз иістер бөлмені алып кетті. Яғни, осылайша үнемі қолқаны ататын иістерге шыдау керек болады. Бірақта ол мүмкін емес. Бұл жағдайда менің қондырғымның пайдасы да болмайды. Осы себепті иістен қалай құтылудың амалын ойластыра

бастадым. Шешімі көп күттірген жоқ. Реакторлардың барлығын иіс және дыбыс оқшаулағыштармен қымтап орап тастап едім, мұрын тітіркендірер иістер ғайып болды. Қолдануға ыңғайлы болу үшін температура, газ, көлем анықтағыш құрылғылар орнаттым. Осылайша ас бөлмесіндегі кішірек экран арқылы реактор ішіндегі жүйені бақылауға болады.

Сонымен мен өзімнің өнертабысым – биогаз құрылғысын дайындап болдым. Енді жоба жетекшісімен бірге күн белгілеп, көпшілікке таныстыруға бел будық. Осы күннің соншалықты жауапты әрі толғанысқа толы болатынын білмеппін. Басыма сан түрлі ойлар келіп, сұрақтар мазалады. «Көпшілік қабылдамай қойса қайтемін? », «Эксперттер не дейді?», «Қойған сұрақтарға тұшымды жауап бере алам ба ?..» Әйтеуір таныстрылым басталғанша дейін мазам кетті.

Қуанышымда шек жоқ! Талай күндер мен түндерде еткен еңбегім ақталды. Эксперттердің айтуы бойынша, «Өте пайдалы әрі креативті шешім», «Экология үшін өте тиімді», «Жасыл технологияға бір қадам...». Менің төбем көкке жеткендей қуандым.

Ендігі менің арманым қондырғыма патент алып, жасаған бизнес жоспарым бойынша өндіріске шығару. Сөйтіп қарапайым халықтың өмірін жақсартуға сәл де болса, септігімді тигізу.